

ТАПСЫРМА ДЕР КЕЗІНДЕ ОРЫНДАЛУЫ ТИІС

Берілген тапсырма дер кезінде әрі сапалы орындалуы керек. Қала әкімі Нұржан Ахатовтың төрағалығымен өткен аппарат мәжілісінде осы мәселеге басымдық берілді. Ел сенім артып, мұңмұқтажы мен өтінішін жолдап, үміттенеді. Әйтсе де «Е-Өтініш» ақпараттық жүйесі мен «Таза Қазақстан» телеграм бот арқылы жолданған өтінімдер қалай орындалуда? Жиында шаһар басшысы мұның барлығы тап-тұйнақтай болуы керек екенін қатаң ескертті.

Қызылорда бірнеше жылдан бері құрылыс алаңына айналған. Өңірде көптеген әлеуметтік нысан, тұрғын үй құрылысы қарқынды жүреді. Қалалық құрылыс бөлімінің басшысы Жәніс Файзуллаев салада атқарылған жұмыстарға тоқталды.

Биылғы бөлінген қаражатқа тұрғын үй құрылысы, электр желілері, ауызсу жүйесі мен кәріз желілерін қайта жаңғырту, елді мекендерді газдандыру сынды жұмыстар жүргізілуде. Айтпақшы, биыл «Газ тасымалдау жүйесін дамыту» бағдарламасы шеңберінде Сабалақ елді мекеніне газ тарту жобасы бойынша жұмыс басталды. Жобаны 2025 жылы аяқтауға энергетика басқармасына бюджеттік өтінім толықтай жолданған. Сондай-ақ қаладағы орамшilik газ құбырлары желісін салу мақсатында «Гагарин», «Титов», «СПМК-70», «Арай», «КБИ», «Саулет», «Саяхат», «Бәйтерек», қала орталығы мен «Шұғыла» шағын аудандарындағы газ құбырлары жүргізілмеген көшелерге газ тартуға қаржы қаралып, мердігер анықталды. Ендігі ретте, қалаға қарасты елді мекендерден Қызылорда ауылдық округіне газ жүйесін тартуға жобалау жұмыстары басталмақ.

Сырдың бас қаласында биыл жол жөндеу жұмыстары да көш ілгері. Қалалық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Мұрат Әбсұлтанов биылға қаламыздың жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бағытында құны 22 млрд теңге болатын 70 жобаны жүзеге асыру жоспарланғанын айтты. Оның ішінде, Назарбаев даңғылынан Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылына дейінгі жаңа жол пайдалануға берілді. Жаппасбай батыр көшесі және Е.Көшербаев көшесі кеңейтілді. Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылы бойындағы «Қызылжарма» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірінің құрылысы, сондай-ақ, Яссауи көшесін, Тәуелсіздікке – 25 жыл даңғылын және «Самара-Шымкент-Қызылорда» аудандық маңызы бар автомобиль жолын кеңейту қолға алынған.

Сонымен қатар мүлдем жол салынбаған 15 көшеде тас жол құрылысы аяқталса, 35 көшедегі жүргізілген орташа жөндеу жұмыстарынан бөлек, қосымша 11 көшеге жол жөндеу жұмыстарын жүргізу қарастырылды. Қаламыздың шет аймақтарында қамтылған 107 көшеге күрделі жөндеу жұмыстарын жүргізуге жоба әзірлеу жоспарлануда.

«Ақмешіт-ақпарат»



Ақмешіт

19 қазан
сенбі

№83 (2093)

2024 жыл

Газет
1994 жылдың 15 сәуірінен
бастап шығады

• Қалалық қоғамдық-саяси әлеуметтік-
ақпараттық тарихи-танымдық газет •
E-mail: akmeshit.kz@mail.ru

апталығы

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ: МҰНАЙҒА ТӘУЕЛДІЛІК АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

**Экономиканы
әртараптандыру –
уақыт талабы.
Мұнайға тәуелділікті
азайтып, өңдеу
өнеркәсібін дамыту
әлі де өзекті
мәселенің бірі.
Биылғы 9 айдың
қорытындысы
бойынша жалпы
ішкі өнімнің
артқаны және
мұнайға тәуелділік
азайғаны
байқалады.**



Апта басында өткен Үкімет отырысындағы ұлттық экономика министрлігінің ақпараты көңіл қуантады. Биылғы 9 айда ЖІӨ өсімі 4%-ға жетті. Бұл көрсеткіш негізінен ауыл шаруашылығы (+11,4%), құрылыс (+10,1%) және сауда (+6,3%), өңдеу өнеркәсібі (+4,8%) салаларындағы оң серпінді байқатады. Бір атап айтарлығы, осы 9 айда мұнай өндіру көлемі төмендеп кеткен. Жалпы ішкі өнімнің өсуінің 65%-ы сауда,

өңдеу өнеркәсібі, құрылыс және ауыл шаруашылығы есебінен қамтамасыз етілді. Негізгі капиталға салынған инвестициялар 0,6%-ға өсті. Инвестицияның ең жоғары өсімі шикізаттық емес салаларда байқалған. Бұл тұрғыда инвестиция көлемі байланыс саласында 81,7%-ға, білім беруде – 79,3%-ға, көлікте – 31,1%-ға, өңдеу өнеркәсібінде – 6,3%-ға, денсаулық сақтауда – 4,8%-ға артты. «Биылғы қаңтар-тамыз айларында сыртқы сауда айналымы 91,7

млрд АҚШ долларын құрады. Экспорт 53,5 млрд АҚШ долларына, оның ішінде өңделген тауарлардың экспорты 17,8 млрд долларға жетті. Тауарлар импорты 38,1 млрд АҚШ долларын құраған. Сонымен қатар оң сауда балансы 34,8%-ға өсіп, 15,4 млрд АҚШ долларына дейін ұлғайған. Өңдеу өнеркәсібінде оң осу қарқыны сақталуда. Өндіріс көлемі 4,8%-ға артқан.

2-БЕТТЕ

ҚЫЗЫЛОРДА цифрлы аймаққа айнала ма?

Қызылордада алғаш рет «Digital Kyzylorda: AI in our lives» форумы өтті. Форумның негізгі мақсаты – жастарға жаңа технология мүмкіндіктерін, IT және жасанды интеллект бағытындағы жаңалықтар мен тың идеяларды ерекше форматта таныстыру. Форум алаңында цифрлық технологияларды, жасанды интеллектті қолдану туралы айтылды.



шындыққа айналды. Сіздерге көрсеткен роботтардың ішінде «Optimus» моделін байқаған боларсыз. Бұл роботтардың әрқайсысының артында олардың біркелкі және дәл жұмысын қамтамасыз ететін қуатты компьютерлік жүйелерді қоса алғанда,



Форумның ашылуында сөз алған «Kyzylorda Hub» бизнес-инкубаторының жетекшісі Жанарыс Түбекбаев өңіріміздегі жасанды интеллект пен цифрлық технология саласындағы мүмкіндіктері туралы баяндама жасады. Шара барысында «Terminator: Genesis» – роботтың жаңа дәуірі басталады» атты тақырыпта Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің оқытушысы Оралбек Абдуллаев инновация мен инженерияның шеңберінде робототехника саласының дамуы туралы тоқталды.

– Өрбір компонент жасанды интеллекттің керемет үйлесімі. Қазірде роботтардың барлығы дерлік жасанды интеллектпен жабдықталған және бір кездері фильмдердегі ғылыми фантастика болып көрінетін роботтар қазір

2-БЕТТЕ

БҮГІН – ҚҰТҚАРУШЫЛАР КҮНІ

Құтқарушы – мамандық емес, ол – адамның жүрек төріндегі жақсылық жасауға ұмтылған болмыс. Арпалыс үстінде қиындықтан қорқуға емес, оны жеңуге, қауіпті сәйілтуге қадам басатын жаужүрек жандар. Бейбіт күннің батыры деп бағалап жататын осы азаматтық қорғаныс саласы өкілдерінің бүгін – төл мерекесі. Қауіпнен күн сайын бетпе-бет кездесетін сала мамандарының қажырлы еңбегін, жұмыстағы қиындығы мен қызығын айтып, тауысу мүмкін емес. Десек те бүгінгі күннің батыры тақырыбының тиегін ағыттық.

4-БЕТТЕ

КЕЗ КЕЛГЕН АДАМ ҚҰТҚАРУШЫ БОЛА АЛМАЙДЫ



БАЛА ТӘРБИЕСІ КІМДІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ: АТА-АНАНЫ МА, МҰҒАЛІМДІ МЕ?

Қоғамда ең өзекті мәселелердің бірі – бала тәрбиесі. Шектен тыс еркелетіп, тыйымсыз өскен, тек өз айтқаны ғана болған баланың есейгенде қоғамда өз орнын табуы қиына соғады. Себебі оның қасында айтқанын істеп отыратын ата-анасы мәңгі бірге жүрмейді. Ол – өмір шындығы.



Ал енді мұндай балалар өз айтқанын өзгелерге істете алмай, қарсылыққа, қиындыққа тап болған кезде тез мұқалады. Алайда баланың тәрбиесін ешкім өз мойнына алғысы келмейтін секілді. Таңнан кара кешке дейін отбасын асырау үшін жұмыста жүретін ата-ана да бұл жауапкершілікті балабақша мен мектепке жүктегісі келеді. Ал отбасынан тәрбие көрмеген баланың балабақшадағы тәрбиеші мен мектептегі мұғалімге бағынғысы жоқ. Сонда бұған кім кінәлі? Жалпы бала тәрбиесіне кімдер жауапты?

3-БЕТТЕ

ЭКОНОМИКАЛЫҚ ӨСІМ: МҰНАЙҒА ТӘУЕЛДІЛІК АЗАЙЫП КЕЛЕДІ

Премьер-министр Олжас Бектенов мұнайдан тыс секторлардың есебінен экономиканың өсуі Мемлекет басшысы қойған міндеттерге сәйкес экономиканы әртарапандыру бағытындағы жұмыс нәтижесі екенін атап өтті.

Бұл мақсатта жүйелі жұмыс жүргізуде өңірлер арасында Қызылорда облысы көш бастап тұр.

Үкімет отырысында айтылғандай өсімнің жоғары көрсеткіші Мемлекет басшысының тұрғын үй құрылысы, көлік және әлеуметтік инфрақұрылым құрылысы, сондай-ақ инженерлік желілерді модернизациялау бойынша төрт ауқымды бастамасын іске асырудың арқасында қамтамасыз етілген.

– Оң серпін 18 өңірде тіркелді, бұл ретте құрылыс-монтаждау жұмыстарының ең жоғары өсуі Қызылорда, Жетісу, Қарағанды, Түркістан және Абай облыстарында байқалады, – деп атап өтті премьер-министрдің орынбасары – ұлттық экономика министрі Нұрлан Байбазаров.

Алдағы міндет қандай?

Инфляция деңгейін бақылау мен төмендету жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау шеңберінде премьер-министр өңір әкімдеріне әлеуметтік маңызды бар тауарлар бағасын тұрақтандыру жұмыстарын жалғастыруды тапсырды. Қыркүйек айында инфляция 8,3%-ға дейін баяулады.

Басым міндеттердің бірі отандық тауар өндірушілерді қолдау және

Басы 1-бетте

ҚЫЗЫЛОРДА - КӨШ БАСЫНДА



қазақстандық қамту үлесін арттыру болып қала бермек. Премьер-министр өсу әлеуеті жоғары шағын және орта кәсіпорындарды қолдау қажеттігін атап өтті. Сонымен қатар өнеркәсіп, қаржы, ұлттық экономика министрліктері «Атамекен» палатасымен бірлесіп, отандық тауарларды қолданудың тиімді мониторингін қамтамасыз етуі қажет.

Қаражатты игеру бойынша бюджеттік бағдарламалар әкімшіліктеріне қаржылық тәртіпті күшейту тапсырылды.

– Мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар осы жылдың соңына дейін барлық ресурстарды экономиканың сапалы өсуіне жұмылдыруы керек. Қазіргі жағдайда бұл оңай шаруа емес. Сондықтан осы

бағыттағы күш-жігерді еселей түсу қажет. Ол үшін министрліктер мен өңірлер үйлесімді әрі тиімді жұмыс істеуі тиіс, – деп атап өтті премьер-министр.

Үкімет отырысынан кейін облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың төрағалығымен өткен мәжілісте бұл мәселелер жан-жақты талқыланды. Қызылорда облысы осы жылдың қантар-қыркүйек кезеңінде әлеуметтік-экономикалық дамудың негізгі көрсеткіштері бойынша республикада көш бастады. Аймақ басшысы жұмысқа әлі де қарқын қосуды тапсырып, алдағы міндеттерді айқындады.

– 2024 жылдың қантар-қыркүйек айларында барлық макроэкономикалық көрсеткіш бойынша өсім қа-

лыптасты. Аудандар мен Қызылорда қаласында макроөсеткіштердің оң қарқыны қамтамасыз етілген.

Өңдеу өнеркәсібінде біздің өңір көшбасшы. Құрылыс саласында да барлық өңірлердің алдында тұрмыз. Осы көрсеткішті сақтап тұру бойынша жұмыстар атқарылуы тиіс. Тиісті орталық мемлекеттік органдармен жедел жұмыс жүргізіп, жоспарлы параметрлердің орындалуын қамтамасыз етіңіздер. Қызылорда қаласы мен аудан әкімдері бұл жұмыстан тыс қалмаңыздар. Жыл соңына дейін барлық макроөсеткіш бойынша өсімге қол жеткізу керек, – деді облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев.

Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА



ҚЫЗЫЛОРДА цифрлы аймаққа айнала ма?

Өз кезегінде Бағдат Қалдыров «GameDev: Креативті индустрия» атты тақырыпта еліміздегі ойын индустриясының қазіргі жағдайы туралы айтты.

– Креативті индустрия, әсіресе «GameDev» саласы, қазіргі заманғы экономиканың ең жылдам өсіп келе жатқан секторларының бірі. Бұл сала шығармашылық пен инновацияға негізделген және оның дамуы үшін жаңа креативті көзқарастың маңызы зор. Қазақстандағы ойын индустриясы соңғы жылдары айтарлықтай дамып келеді. Мысалы, Қазақстанда ойын түрлерін әзірлеумен айналысатын бірнеше компаниялар мен студиялар бар, олардың ішінде мобильді және компьютерлік ойындарға маманданған бірнеше студия бар. Қазақстандағы ойын ин-

кабылдауға дайын. Бұл жерде жүзеге асып жатқан цифрлық жобалар, өңірдің әлеуетін кеңейтіп, халықтың өмір сапасын жақсартуға бағытталған. Мысалы, «Колжетімді интернет» ұлттық жобасы аясында аймақтағы цифрлық дамуға бағытталған жол картасы жасалған және бұл жоба арқылы тұрғындарға интернет қызметтерінің сапасын жақсарту мақсатында жұмыс жүреді. Сонымен қатар Қызылорда облысында «Ақылды қала» бағдарламасының негізгі бөлігінің басым көпшілігі орындалған, бұл бағдарлама арқылы қала инфрақұрылымын жаңғырту және тұрғындардың қауіпсіздігін арттыру мақсаты қойылған. Өңірмізде IT-технологиялар секторы белсенді дамып келеді. Креативтілік пен кәсіпкерлікті ынталандыратын, ай-



дустриясының дамуына қосымша серпін беретін тағы бір фактор – халықаралық ынтымақтастық. Қазақстандық ойын студиялары әлемдік нарықтағы баспагерлермен және ойын әзірлеушілермен ынтымақтасып, жаңа ойындарды жасауға мүмкіндік алуға. Бұл әріптестіктер қазақстандық ойындардың сапасын жақсартып, халықаралық деңгейде танымал болуына ықпал етеді, – дейді Бағдат Қалдыров.



Қызылорда облысы әкімі аппаратының цифрлық технологиялар бөлімінің басшысы Сабит Ибадулла Қызылорда облысының цифрлық трансформациясы қарқынды даму үстінде және бұл өзгерістер өңірдің экономикалық және әлеуметтік дамуына зор ықпал ететінін айтты.

– Қызылорда инновациялық шешімдер мен жаңа технологияларды

мағымыздың маңызды бөлігіне айналған стартап-фестивальдар мен хакатондар жыл сайын ұйымдастырылып келеді. Бұл іс-шаралар жастар стартаптары үшін бірегей мүмкіндіктер беріп, өз идеяларын кең аудиторияға ұсынуға мүмкіндік береді, – дейді Сабит Ибадулла.

Спикерлер қатарынан орын алған IT маман Айбек Оразбаков «AI және Ғылым: Жаңа идеялар генераторы» атта баяндамасында жасанды интеллекттің білім беру саласындағы рөліне тоқталып, оқушының қабілетіне қарай тәсілдерді қолдану арқылы оқу процесін жеңілдетуге болатынын айтты.

– Бұл технология мұғалімдерге күнделікті тапсырмаларды автоматтандыру және оқушылардың жетістіктері туралы нақты мәліметтер беру арқылы олардың жүктемесін азайтуға көмектеседі. Сонымен қатар жасанды интеллект оқу материалдарын оқушылардың қабілетіне сай бейімдеуге қабілетті, бұл білім беруді тиімді етеді. Менің платформам офлайн режимінде де жұмыс істей алады және мұғалімдерге оқу процесінде қолдау көрсетеді, – дейді ол.

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің «Жасанды интеллект» институтының директоры орынбасары Асхат Талғатұлы да спикерлер қатарынан табылып, институт жаңалықтары мен жасанды интеллект саласындағы қызықты да пайдалы ақпараттармен бөлісті.

Басы 1-бетте

София ХАЙРУЛЛА

БАЛАБАҚША – БАҚЫТ МЕКЕНІ

Жақында «Бегім ана» бөбекжай-бақшасында «Мектепке дейінгі ұйым және бастауыш мектеп үйлесімділігі мен қамтамасыз ету» тақырыбында мектеп пен балабақша сабақтастығы жөніндегі дөңгелек үстел өтті. Оған №264 мектептің бастауыш сынып мұғалімдері мен М.Мәметова атындағы Қызылорда педагогикалық жоғары колледжінің маманы Зәмзәгүл Жаңабайқызы қатысты.



– Біздің мақсатымыз – әр баланың қызығушылығы мен қажеттіліктерін ескеріп, олардың физикалық, шығармашылық, зерттеушілік қабілеттерін және әлеуметтік, эмоционалдық дағдыларын дамыту. Осы 5 дағды баланы мектепке физикалық және психикалық түрде дайындаудың бастапқы мүмкіндіктердің бірі, – дейді тәрбиеші.



«Бегім ана» бөбекжай-бақшасының меңгерушісі Жанат Мұханбетқалиева балалардың тәрбиесіне тоқталды.

– Біз балабақшада ең алдымен тәрбиешілерге аса назар аударамыз. Себебі тәрбиешінің міндеті балаға тамақ беріп, ойыншығын қолына ұстатып, ұйықтату емес, тәлім-тәрбие беру. Өткен жылы тәрбие бағдарламасы іске қосылды. Сондықтан мектепке дейінгі ұйым баланың біліміне емес, тәрбиесіне көңіл бөліп, дағдыларының дұрыс қалыптасуына жұмыс істейді. Яғни балабақшада арнайы «Әжелер мектебі», «Әкелер мектебі» және «Аналар мектебі» бар. Мұның барлығында балаларға еркін ойын ойнау арқылы түсіндіріп, үйретеді, – дейді балабақша меңгерушісі.

Бүгінгі іс-шараның мақсаты мектепке дейінгі ұйым және бастауыш мектеп педагогтарының іс-тәжірибесі барысында үздіксіз кәсіби дамуын жетілдіріп, ұлттық баяндамадағы жол картасын жүзеге асыру және әріптестік-серіктестік ынтымақтастық құру екенін жеткізді.

Балабақша тәрбиешісі Райкүл Аяпова мектепке дейінгі балалармен жұмыс істеу барысындағы басты міндеттерге тоқталды.



Н.МҰҚАТАЕВА

ІЗДЕУ САЛАДЫ

Қызылорда қаласы, Т.Дәуітбаев көшесі №39 үйдің тұрғыны болған, 1991 жылдың 15 мамырында туған Байзақова Жанерке Жуманалиевнаны 2023 жылдың 9 тамызынан бастап хабар-ошарсыз кетуіне байланысты анасы Сахыпова Шарбан Башеновна іздеу салады.

Қызылорда қалалық сотының 2024 жылдың 4 қазандағы ұйғарымымен хабарландыру жарияланған күннен бастап 3(үш) ай мерзім ішінде көрген-білген кісілер болса мына телефондарға хабарласуын сұраймын: 8 747 880 47 84.



БАЛА ТӘРБИЕСІ КІМДІ ТОЛҒАНДЫРАДЫ: АТА-АНАНЫ МА, МҰҒАЛІМДІ МЕ?

Комиссияда қаралған мәселелер

Қала әкімдігінің жанында және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссия бар. Бүгінгі күнге дейін 18 отырыс өтіп, 43 мәселе қаралған.

Атап айтқанда, 43 көмелетке толмаған баланың құқығы мен мүддесі қорғалған. Оның ішінде көмелетке толмағандарға қатысты ата-аналық құқықтарын шектеу туралы – 3 анықталған іс-материалдар қаралып, сотқа талап арыз жолданды. Сонымен қатар ата-ана құқығына айыруды ұсыну туралы 2 мәселе қаралған.

Оған қоса құқық бұзушылыққа бейім балаларды облыстық деңгейдегі мектеп балаларға арналған мектеп интернаттарына жолдау туралы 2 мәселе талқыланған, құлықты балаларға арналған мектеп интернаттарына жолдау туралы 2 мәселе талқыланған, тиісті шешім қабылданды.

Білім беру ұйымдарында оқушылардың мектеп формасын сақтамауы, яғни мектепке хиджаб киіп келу мәселесіне байланысты 3 мәселе қаралып, облыстық білім саласындағы бақылау департаментіне және облыстық білім басқармасына іс-құжаттарымен қоса ұсыныс жолданды.

Негізгі жасөспірімдерге қатысты мәселелер назардан тыс қалмайды. 2024 жылдың жұмыс жоспарына сәйкес профилактикалық шаралар бойынша 27 мәселе комиссияда қаралып, көмелетке толмағандардың профилактикасын күшейту үшін сала басшыларына тиісті ұсыныстарын енгізіп, тапсырма берілді. – деді көмелетке толмағандардың де жалғаса береді. – деді көмелетке толмағандардың ісі және олардың құқықтарын қорғау жөніндегі комиссиясының төрағасы Дархан Тұрсынбаев.

Бала тәрбиесін мектепке ысырып қою – үлкен қателік

Мақала дайындау барысында Т.Есетов атындағы №264 мектеп-лицейінің директоры Бек Сұлтанбекұлына хабарласады.

Халық даналығы «Ел боларын десең, бесіңді түзе» дейді. Кез келген қоғамның келешегі ұрпақ тәрбиесіне байланысты. Бала тәрбиесі отбасынан басталады. Негізгі орын ата-ана болып саналады.

Ата-ана тәрбиесі беруде өзі үлгі болуы керек. Өйткені бала мектепке ысырып қою дегенді үлкен қателік деп білеміз. Қазақ мектепке ысырып қою дегенді «құрақтан» деген даналық сөз «Тәрбие – тал бесіктен», «Тәрбие – құрақтан» деген даналық сөз бар. Әр ата-ана өз баласының тәрбиесін қолға алып, оған қолдау көрсетіп, сырлас, дос ретінде қарым-қатынас жасауы керек. Сонда ғана бала ашық, мейірімді болып өседі.

«Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» дегендей, егер отбасында бала тәрбиесіне дұрыс көңіл бөлінбесе, үйде ата-ананың арасында жиі жанжалдасу болса, дастархан басына жиналған кезде тәрбиеге қатысты әңгіме, сәл-дәстүр, тыйым сөздер айтуды орнына қоғамды жамандап, балаларға қатысы жоқ проблемаларды айтатын болса, әрине, деген көзқарасы ата-ананың айтуы бойынша да адамдарға, қоғамға деген көзқарасы ата-ананың айтуы бойынша қалыптасады.

Кез келген білім беру ұйымы балаға теріс тәрбие бермейді. Жалпы ата-аналардың жауапкершілігі туралы «Бала құқығын қорғау туралы заңының» 63,64,65 баптарында атап көрсетілген. Ата-ананың балаларды тәрбиелеу және оларға білім беру жөніндегі құқықтары мен міндеттері бар.

Ата-ана өзінің қабілеті мен қаржылық мүмкіндіктерінің шегінде, оның өміріне, психикалық, адамгершілік және рухани жағатын дамуына қажетті демеу, психикалық, адамгершілік және рухани жағатын дамуына қажетті омір сүру жағдайларын қамтамасыз етуге міндетті.

Сонғы кезде жасөспірімдер арасында қылмыстың өсуіне себепші болып отырған жөн. Ата-аналар тұрғыда айтар болсам, қазіргі таңда жасөспірімдер арасында қылмыстың көбейіп кету себебін жан-жақты қарастырып жөн. Ата-аналар тәрбиесіне көңіл бөліп, назардан тыс қалып жатыр.



Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысын ұйымдастыру тәсілдерін жаңартуды тапсырған болатын. Осыған сәйкес Оқу-ағарту министрілігі тарапынан «Біртұтас тәрбие» бағдарламасы қабылданды. Ондағы мақсат – қазақстандық мәдениет, парасаттылық пен адалдық, ар-ұждан, рухани патриотизм, қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған адамгершілік қасиеттерін бойына сіңірген, үйлесімді дамыған тұлға қалыптастыру. Міне, біздің мектеп те осы бағдарлама шеңберінде түрлі шара өткізіп, балаға біліммен бірге тәрбиелі, саналы тұлға болып шығуына барынша атсалысады, – деді мектеп директоры Б.Сұлтанбекұлы.

Отбасы мен мектеп бірігіп жұмыс істеуі керек

Сақтап берген Әлжіков атындағы №144 орта мектептің педагог-психологы Лиза Паламанованың пікіріне сүйенсек, отбасы мен мектеп бірігіп жұмыс істеуі керек.



Басы 1-бетте

– Бүгінгі қоғамда өзекті мәселелердің бірі – жасөспірімдер арасындағы қылмыс. Өмірге көзқарасы толық қалыптаспаған жастардың арасында қылмыс жасау жиі кездеседі. Қылмыстың көзделесі. Қылмыстың техно-ортамына, ақпараттық технологияның қарқынды дамуына және сыртқы әсерлерге байланысты.

Жасөспірімдердің қылмыстық әрекетке баруының түрлі себебі бар. Отбасының жасөспірім қажеттіліктерін қанағаттандыра алмауы салдарынан, яғни әлеуметтік жағдайдың төмендігі, отбасылық қарым-қатынастың әлсіреуі. Яғни бала-ның немен айналысып, қайда барып жүргеніне ата-ананың назар аудармауы, өз деңгейінде қадағаламау, баланың айналасындағы қатарластарынан кем қылмай өзін «батыл» етіп көрсеткісі келуі және еліктеуі, ғаламтор ақпараттары мен түрлі кино, видео жазбалар, шытырман оқиғалы ойындардың құрбаны болып, тығырқанды жағдайларда бопсалаудың мажбүр болады. Міне, осындай бірнеше жол іздеп қылмыс жасауға мажбүр болады.

Жалпы қылмыстың алдын алу және олардың жолын кесу үшін маңызды шараларды жүзеге асыру қажет. Оларға қолайлы орта жасау, тығыз қарым-қатынаста болу, рухани және құқықтық тұрғыдан тәрбиелеу басты міндет болып саналады. Бұдан шығатын қорытынды олардың күш-қуатын оң арнаға бұру. Мәселен, қоғамдық іс-шараларға, яғни әртүрлі бағыттағы үйірмелерге және техникалық сабақтарға, спорт түрлеріне баулу. Сондықтан да ата-ана бала тәрбиесін мектепке ысырып бермеуі керек.

Осы мәселеге сәйкес қоғамда әртүрлі көзқарас қалыптасып отыр. Яғни бір тарап ата-ананың жауапкершілігінің аздығын десе, келесі тарап мектептегі немесе ортасының тәрбиесіне байланысты деген уәжде тоқталады.

Алайда балаға әуелі білімнен бұрын, тәрбие берілуі керек. Адамға тәрбиені ата-ана, мектеп, қоғам бірігіп береді. Бала тәрбиесіндегі басты тұлға – алғашқы ұстаз және оның ата-анасы. Сондықтан да бүгінгі ұрпақ тәрбиесі, әр отбасы мен мектептің ынталық жұмыс істеуінің енішінде, – дейді психолог.

Тәрбиесі жақсы баланың болашағы жарқын

Бұл – Әли Мүсілімов атындағы №101 мектеп-лицейінің мұғалімі Дүзелбек Төлемісовтің сөзі.

– Дана халқымызда «Ұстаз мейірі мен ата-ана мейірі егіз» деген сөз бар. Десе де бала тәрбиесіндегі ата-ананың ролі басты орында екені даусыз. Өйткені отбасындағы тәрбие, ата-ананың баламен қарым-қатынасы отбасынан басталады. Яғни «Ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі».

Өз басым отбасыма екі қыз, бір ер бала тәрбиелеп отырған әкемін. Сондықтан балаларымның алдындағы әкелік, ата-аналық жауапкершілігі бірініші орынға қойып, ата-ананың ролін берумен шектелуді дегенім баланың өмірі де жақсы болатыны анық. Елде, бала тәрбиесі атқарылып, басты міндеті деп білеміз. Бұл мектеп тек білім берумен шектелуді дегенім емес. Ұстаз ретінде айтар үшін оларды барынша тәрбиесін қадағалай тұлға болып қалыптасуы үшін оларды барынша тәрбиесін қадағалай ашуға аянып қалмаймын. Өйткені олар – біздің болашағымыз.

Біз педагог ретінде шәкірттеріміздің білім алуын, тәрбиесін қадағалай отырып, бұрыс әрекеттерін түзетуге тырысамыз. Бала өмірін жемісті ететін жол, ол – ата-ана мен мектептің бірігуі. Баланы жастайынан мейірімге бөле арқылы ғана болашағының жарқын болуына себеп бола аламыз, – деді ұстаз.

Әке емес, көше тәрбиелеуде...

Қоғамда отбасы құндылығын насихаттап жүрген белгілі есім Зейнеп Ахметова ерлердің бойында өзгерістің жоғалып бара жатқанын айтып жүр.

– Қазір ер-азаматтардың көбі ынжық. Масылыққа үйренген. Көшеде өзін-өзі жұмысқа жетуге тырматындар бар. Былай қарасаң, тепсе темір үзетін азаматтар. Соларға қарап, намысың келеді. Бұрын әйел азаматының тапқанын ұқсатып, ағайын-туған арасындағы ынтымақты сақтап, балаларын тәрбиелеп отырған.

Токсаныншы жылдарда талай ішкілікке салынып кетті. Шырылдаған бала-шағасын асырау үшін әйелдер ала қоржынның арқалап, сауада шықты. Сөйтіп де әйел – базарлық, еркек қазаныш болды. Содан бірте-бірте еркектер жалқаулыққа үйренді. Бірінші орынға әйелдер шықты. Сауда деген адамның психологиясын өзгертеі қоймайды. «Сен – маған, мен – саған» деген ой қалыптасады. Қаншама әйел сауада жасаймын деп жүріп, отбасын тастап кетті. Міне, сол кезде біз бүгін бір ұрпақты жоғалтып алдық. Сол кездегі ұрпақтан түрлі қылмыскерлер шықты. Себебі оларды көше тәрбиеледі. Бұрын бір жаққа барамын десең, «әкенен айттайын» дейтін. Сонда анамыз әкемізді бізге әскар тау қылып көрсететін, – дейді ұлт анасы З.Ахметова.

Балаларға көңіл бөлмейтін әкелер бар

Үш ұлдың әкесі, қала тұрғыны Өмірзақ Таймановтың да өз айтары бар. Ол танертеннен кешке дейін жұмыс істесе де, балаларымен бірге уақыт өткізетін сәтті ұғымды пайдаланатынын жасырмалы.

– Біздің қоғамда «баланы орта тәрбиелейді» деген қатып қалған түсінік бар. Бұл пікірмен бір деңгейде балаға келісуге де болады. Ортаның белгілі бір деңгейде отбасына әсер ететіні анық. Бірақ баланың тәрбие мықты болса, әсер ететіні анық. Егер отбасындағы тәрбие мықты болса, ол баланы қандай орта болса да, өзгерте алмайды. Мәселен, меңі ұлдарым да қалада, көпқабатты үйлердің ауласында, орысша сөйлейтін балалардың арасында өсіп жатыр. Мектептегі ортасы да орысшаға бейім. Бірақ ұлдарым солардың бәрмен тек қазақ тілінде сөйлеседі.

Меніңше, ең алдымен бала тәрбиесіне ата-ана жауапты. Күнде кешке жұмыстан кейін балалармен сөйлесіп, не жалнық болып жатқанын, кімдермен араласып, әлеуметтік желілерден кімдерді тыңдап жүргенін, тіпті мына қоғамда болып жатқан жаңалықтарға қандай көзқараста екеніне дейін сөйлесіп отыру керек.

Жасыратыны жоқ, қазіргі кезде көбіне әкелер балалардың тәрбиесіне мән бермейді. Әрине, бәрі емес. Бірақ арасында сондай ерлер қауымы кездесетіні бар. Тіпті кейде жұмыстан келген соң кешкі тамақ дайын болғанына ұялып, уақыт өткізетіндерді де көріп жүрміз. Балаға қай кезде де әкенің демеуі, әкенің махаббаты, әкенің ақылы қажет.

Бірге кітап оқып, оны бірге талқылау да, балаларымен балық аулауға бару отбасын бір-біріне жақындата түседі. Өйткені өзміз ауылда өстік. Әкеміз бізге уақыт табатын еді. Міне, мен әкемің уақыт тәрбиесін көріп өскен соң соны өз балаларыма қолданып отырмын, – деді Үш ұлдың әкесі Өмірзақ.

ТІЛШІ ТҮЙІН

Кейіпкерлеріміздің пікірлері осылай өрбіді. Сайып келгенде, ата-ана мен мектеп тығыз байланыста болса, қоғамда тәрбиеленуіне қажеттіліктер де болып, білімді ұрпақ тәрбиелеуге мысалы, кей жағдайларда баласының нақты қай сыныпта оқитынын, кіммен дос екендігінен мүлдем хабары жоқ.

Жалпы кез келген адам өз баласының тәрбиесі, қабілеті тұлға болып қалыптасуына қалайды емес пе?.. Олай болса, ұрпақ тәрбиесін бесіктен бастауы керек.

Ақтоқын НҮРЛЫБАЙ
Суреттер ашық дереккөздерден алынды

